

- ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру
- ✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу
- ✓ «Оқуға құштар мектеп», «Балалар және театр» және т.б. жобаларын іске асыру
- ✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу
- ✓ Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу
- ✓ «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу

- ✓ Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру
 - ✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу
 - ✓ Аймақтарға үздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасын енгізу
- 2022-2023 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі: Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді: - «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады; - «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды; - «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады:

- 1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тіліне;
- 2) шет тіліне;
- 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) негізінде жүзеге асырылады.

Ескертпе: «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді.

«Шет тілі» пәні 2022-2023 оқу жылы ҮОЖ сәйкес 2 сыныптарда оқытылады

2022-2023 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативті компоненті сағаттарын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 1-сыныпта – 1 сағатты;
- 2-сыныпта – 1 сағатты;
- 3-сыныпта – 1 сағатты;
- 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш